

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ КОМИТЕТІ  
«БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КОМИТЕТ СВЯЗИ, ИНФОРМАТИЗАЦИИ И ИНФОРМАЦИИ  
МИНИСТЕРСТВА ПО ИНВЕСТИЦИЯМ И РАЗВИТИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ОО «КЛУБ ГЛАВНЫХ РЕДАКТОРОВ»  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



Қазақстандық БАҚ заманауи талаптарға сай дамуы мен  
модернизациялау мәселелерін талқылауға арналған  
«ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ  
БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты  
Республикалық ғылыми-практикалық конференция

## МАТЕРИАЛДАРЫ

29 қазан, 2014 ж.



## МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции  
«НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНСКОЙ  
ЖУРНАЛИСТИКИ»,  
посвященной вопросам модернизации и  
дальнейшего развития отечественных СМИ

29 октября 2014 г.

Алматы 2014



Қабылғазина К.  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті  
к.ф.н., доцент  
Кокушева Маржан  
тележурналист

## АҚИҚАТ ПЕН ЖАЛҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАҚ

Қазіргі кездегі әр түрлі партиялылықтың жолға қойылуынан, экономикалық үрдістердің өзгеруінен, дүниежүзілік қарым-қатынастың күшеюінен, соғыс әрекеттерінің әр жер- әр жерде қылаң беруі тәрізді жайлардан информациялық тасқын күшейіп отыр. Оқырман ба, тыңдарман ба, көрермен бе нені оқып, нені тыңдап, нені көрер мәселесіне халық ретінде аса талаппен қарайды. Осы тұрғыдан келгенде кез келген журналист өз өнімінің өтімді болуы үшін, өз рейтингі жоғары болуы үшін күреседі. Өзіндік әдіс-тәсілдерді табу арқылы аудиторияны жаулап алу мақсатында халықтық менталитетке сай келмейтін мәселелер айтылып, батыстық үрдіс белең алды. Атыс-шабыс, қырғын-жойқын, нәпсілік азғындаулар емін-еркін көрсетілетін болды. Яғни, баспасөз бостандығы деген желеумен болашақ ұрпақ санасына кері әсер ететін мәселелерге жол берілді.

Баспасөз бостандығы әрбір автордың өз ойын еркін білдіруімен, халыққа жеткізуімен айқындалады. Көрнекті дат философы Спиноза «бостандық пен қажеттілік ұғымы өте тығыз байланысты» деген. Яғни кейбір журналистер қажет болғанда сөз бостандығын насихаттаушы тұлға ретінде көрінсе, қажеттілігі болмаса, оның ұстанып отырған позициясы да өзгеріп шыға келеді дегені. Ал неміс ойшылы Гегель «Бостандық деген аузына келген не болса соны айту мен жазу емес, одан да жоғары түсінікті қажет етеді» деген ұғымға тоқтаған. Бұл пікірді түсіндіріп айтып жатудың өзі артық болар. Әрине оппозиция тарапынан демократия, сөз бостандығы дегендерді асыра сілтеп, теріс мақсатқа пайдаланғысы келетіндер де бар. Сөз бостандығы меніңше, одан да жоғары түсінікті қажет етеді. Сөз бостандығы – елдегі әділетсіздік, дұрыс емес фактілерді дәлелдеу, жақсы мен жаманның айырмасын әділ айқындау.

Әрине, бүгінгі өмір сүріп отырған қоғамды ақпараттық құралдарсыз елестету қиын, өйткені олар халықпен, бүкіл қоғамдық өмірмен бірте қайнасып кеткен. Дүние жүзінде болып жатқан оқиғалар тек осы әр тілдегі, әр бағыттағы БАҚ өкілдері арқылы әлемге таралып жатады. “Журналистика – халық – қоғам” деп аталатын үштік бірімен бірі тығыз байланыста қызмет етеді. Сонымен қатар қай қоғамда болмасын БАҚ өкілдері кімді, нені жақтаймын, қандай мәселені көтеремін десе де еріктері, өйткені, демократиялық бағыттағы үкіметтің ұстанған саясаты осындай. Яғни, елдің айнасы – бұқаралық ақпарат құралы, сол арқылы мемлекет мүддесі айқындалып, ұрпақ тәрбиесіне жол ашылып отыруы тиіс.

Қазақстанның әлем елдері қатарындағы орны күн-сайын айшықтанып келеді. Әрине, бұл еліміздің стратегиялық дамуының үздіксіз жүзеге асып келе жатқандығын аңғартады. Осыған орай, отандық бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) үшін міндет пен жауапкершіліктің еселене түсетіні анық. Мемлекеттің халықаралық деңгейге көтеріліп, танымал болуына орай, ақпараттық сараптамалық өнімдердің қоғам үшін қажеттілігі артты. Яғни, әрбір қазақстан әлемдік оқиға мен шетелде орын алған әртүрлі жағдайларға бейжай қарай алмайды. Бұл – экономикалық өсіп-өну мен дипломатиялық қатынастар ұлғайған сайын туындайтын ақпараттық қажеттілік. Олай дейтініміз, халықаралық қатынас өзара ақпараттық ашық кеңістік пен өзара түсіністік, селбестік, ымырашылдық негізінде жүзеге асады. Бірақ, отандық БАҚ шетелдік ақпаратты тарату мен сараптау тұрғысынан өзіндік дербес көзқарас, жеке дара стиль қалыптастыра алмауда. Бұл кемшілік қазақ журналистикасының шетелдік ақпарат алып таратуда Ресейлік БАҚ қызметіне тәуелділіктен ажырай алмай отырғандығынан деп білеміз. Мұндай тәуелділік – ақпараттық идеологиямызға кері әсерін тигізбек. Яғни, ақпараттық дербес талдау мен саралау болмағандықтан, қазақстандық БАҚ -тың аудитория алдындағы беделі мен өткірлігін жоғалтып алуы орынды. Яғни, қазақстандық ақпарат тұтынушы жеке дара көзқарасы мен өзіндік зерттеуі жоқ, көшірме, шетелдік басылымдардағы ойды қайталай беретін баспасөздің өнімін тұтынудан бас тартуға мәжүр болады. Бұған қазақстандық азаматтардың Ресейлік ақпаратты көп тұтынатындығы нақты дәлел. Әрине, бұл геосаяси тұрғыдан етене жақын, іргелес орналасудың салдары деп айтуға да болатын шығар. Алайда, әрбір елдің өзіне лайықталған



ақпараттық кеңістігінің "қожасы" болуы шарт. Мәселен, әлемдік саяси оқиға ретінде – Бостон оқиғасын атауға болады.

Бостон оқиғасы – әлемнің назарына ілікті. Бұл Америкада орын алған 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейінгі ауыр жағдай. Яғни, жарылыстан 3 адам қаза тауып, 180-нен астам азамат жарақат алды. Аталған оқиғаға қатысты, әлем елдерінің басшылары АҚШ-тың Бостон қаласында болған лаңкестікті айыптап, көңіл айты. Мысалы, БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун терактіге қатысты "ең сұмдығы – екі жарылыстың да әлемнің әр түкпіріндегі адамдарды біріктіретін шара кезінде болғаны" десе, Ресей президенті Владимир Путин жарылыстарды "тағылық қылмыс" деп атап, АҚШ-қа Ресей көмегін ұсынды. Ал, Ауғанстан президенті Хамид Карзай "өз елінің мұндай оқиғалар кезінде туындайтын азап пен қайғыны бөлісетінін" айтты. Бұлардың қатарында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ Президенті Барак Обамаға жеделхат жолдап, ел халқының және өзінің атынан қаза болғандардың отбасылары мен туған-туыстарына, бүкіл Америка халқына көңіл айтты. Мемлекет басшылары Бостондағы терактіні айыптады. [1]

Алайда, әлемнің назарына іліккен жарылыстың жауапкершілігін әзірге ешкім (лаңкестік ұйымдардан) мойнына алған жоқ. Тек теракті болған Бостон, оған жақын орналасқан Нью-Йорк, Вашингтон, Лос-Анжелесте қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Федералды тергеу бюросы терактіні тергеу жұмыстарын жүргізіп жатты. Әзірге анықталғаны тергеу амалдарын жүргізген федералдық тергеу бюросы жарылғыш заттың күші барынша төмен болғандығын әрі қандай да бір арнайы өнеркәсіптік қоспаларсыз қолдан жасалғандығын мәлімдеді. Тергеушілердің байламынша, олар жарылғыш құрылғыларды өздерінің арқа қоржындарында салып алып келген. Бұл, мәлімет аталған лаңкестердің күші әлсіз, үлкен ұйымға шынында да қатысы жоқ екендігін аңартады. Бұл күдіктілер тек саяси ойыншы.

Америкалық БАҚ-қа сұхбат берген күдіктілердің ағасы Руслан Царнаевтің айтуынша, отбасы толық құраммен 2000 жылдардың басында Түркиядан АҚШ-қа тұрақты тұру үшін көшіп келген. Оған дейін Царнаевтар Махачкалада тұрған, ал ол жерге Қырғызстаннан қоныс аударған. Күдіктілердің ата-аналары Ресейге қайта көшіп кетіп, қазіргі уақытта Дағыстанда тұрады. Ағайынды Царнаевтардың түрік азаматтығы бар. Екі жыл бұрын ағайындыларды ФТБ шетелдік экстремистік ағымдарға қатыстылығын тексеру үшін тергеуге шақырған. Бірақ та олардың қандай да лаңкестік ұйымға қатысты екендіктері анықталмаған. Ресей тарабы ағайынды Царнаевтардың қандай да бір қылмысқа не болмаса экстремистік әрекеттерге қатыстылығы туралы ақпараттардың жоқ екендігін мәлімдеді.

Бұл ретте Қазақстан да өз мәлімдемесін жасады. Осы оқиғадан кейін Еліміздің сыртқы істер министрлігі: «Баспасөз құралдары арқылы Бостондағы оқиғаларға қатысты қайшы ақпараттың тарағаны бізге белгілі. Бұл ақпараттарға сәйкес күдіктілер бұрын бірнеше мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда да тұрған. Бүгінге дейін біз бұл ақпаратты растайтын деректерді таба алмадық», – деп теріске шығарды.

Бірақ, "анықталған екі күдікті Солтүстік Кавказ тумалары Джохар Царнаев пен оның ағасы Тамерлан екендігі белгілі болды". Сондай-ақ, жекелеген сарапшылардың пайымынша, ағайындылар діни экстремизм идеяларына мойынсұнып, Түркия мен Шешенстан аумағында іс-әрекет жасайтын қандай да бір топпен байланысты болған. Сонымен қатар бірқатар бақылаушылардың атап өтуінше, АҚШ пен Ресей қарым-қатынасы арасына сызат түсуі жалғасып отырған уақытта Бостондағы лаңкестік әрекетке Ресей тумасының қатысуы екіжақты қарым-қатынасты одан әрі ушықтырып жіберуі мүмкін. "Қалай болғанда да бұл фактіні американдықтар біржақты қабылдайды, яғни бұрынғы КСРО тарабынан лаңкестік қатер әлі де болса жойылған жоқ" – деп түсінеді. [2]

Бұл көзқарастан кейін Вашингтонның алдағы уақытта Таяу Шығыстағы жіті қадағалауын Кавказға қарай бағыттайтындығын болжауға болады. Бұл пікірдің өміршеңдігін батыстың Азиядағы күштерін, яғни, "Ауғанстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау жөніндегі әскерлері мен әскери техникасын шығарып әкету" әрекеттерді қуаттады. Олай дейтінміз, Ауғанстаннан шығарылған күш қайда тұрақтайды, яғни миссиясын қайда жалғастырады деген сауалға жауап әлі айтылған жоқ. Бұл ретте Ауғанстаннан әскер шығару ісінде қазақстандық сарапшылар көп алаңдаушылық тудырған еді. Бұл туралы БАҚ бетінде бірнеше көзқарастағы ақпараттар тарап кетті. Яғни, ауғаннан шыққан әскер "Қазақстан арқылы тасымалданатын болды". Міне, осы жәйт «Бостон оқиғасының астарында тұр ма?» деген сауал қоғамды алаңдатып отыр. Тіптен, лаңкестік әрекетке қатысы бар азаматтардың "қазақстанда тұрғандығы", "кавказ аймағының тумасы" болғандығы бұл күдікті тіптен қоюландыра түскендей. Яғни, Бостон оқиғасы "Ауғанстандағы Халықаралық күштердің шығарылуына өз әсерін



тигізбесе де", "әлемдік лаңкестікпен, экстремизммен күресті күшейту және жаңа "тұрақсыз нүктелерге" табан тіреуі мүмкін екендігін аңғартады. Яғни, "бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау жөніндегі әскерлері мен әскери техникасын" Кавказ аймағына апарып кіргізуі әбден мүмкін. Ал, Кавказға келген әскери күштің ықпалы Қазақстанды шарпиды. Себебі, біздің елімізде де 2011-2012 жылдары түрлі діни экстремизм пен терроризмге қатысты деген күдікпен бірнеше қылмыстық топтың көзі жойылды. Алайда, олардың да іс-әрекетін қандай да бір халықаралық ұйым өз мойнына алған жоқ. Сондықтан, Бостон оқиғасының салдары – уақыт өте келе батыстың Азиядағы Кавказға ауыз салу жоспарының алғы шарты болып шығуы әбден мүмкін. Өкінішке, қарай, бұл астарлы ойдың анық-қанығын БАҚ тұтынушыларына толық қанды жеткізіп бере алмады. Тек, Бостондағы жарылысқа адамгершілік тұрғыдан көзқарас танытқан ресейлік баспасөздің ығына жығыла кеттік. Жекелеген әлеуметтік желілерде, жекеменшік, аудиториялық таралымы шектеулі басымдарда ғана мамандар сараптамасы берілді. Алайда, аудиториясы үлкен емес БАҚ қызметі жалпыға ортақ идеяның кең етек жаюына ықпал ете алмады. Осылайша, Қазақ елі азаматтары ақпараттық дербес ойлау мен саралаудың жоқтығы салдарынан үрей мен үмітсіздіктің "құрбанына" айналып кете береді. Сондай-ақ, ел азаматтары отандық БАҚ-тың ақпарат тарату мен дербес сараптау стилінің жоқтығына налып, Бостон оқиғасына ресейлік көзқараспен қарап отыр деп ойлауға болады.

Еуразиялық экономикалық одаққа кіруді ұзақ ойланып шешім қабылдаған Украина билігі – халықтың наразылығына ұшырады. Толассыз толқудың соңы биліктің халыққа күш қолдануына әкеліп соқты. Тіпті, ереуілшілердің қатары миллионға жетіп жығылды. Алайда, билік бұл талаптарды бассыздыққа балап, жаныштауға кірісті. Дәл, осы оқиғаның жай- жапсарын қазақстандық баспасөз – Бостон оқиғасын жазғандай Ресейдің аңысын аңдап, әліптін артын баққан сыңай танытып, түстік көршіміздің түсінігі мен ақпараттық мақсатына орай қызметке кірісті. Украин ереуілшілерін "маскүнем, Еуропаның желіктіруіне ерген ессіз жастардың құйтырқылығы" деген ресейлік ұстанымды қуаттап шыға келдік. Тіпті, орыс журналистерінің қисынға келмейтін ақпаратына ой жүргітпестен-ақ, жарыса жария етіп жатырмыз. Бұл санатты ресейлік холдингтардың қаржыландыруына тәуелді, коммерциялық арналарды мысал ету қажетсіз. Алайда, біздегі ұлттық баспасөз бен телеарналардың ақпараттық дербес кеңістігі шамалы болып отыр.

Еліміздегі бас арналардың бірі: "Абай «екі кеме құйрығын ұста, жетсін бұйрығың» депті. Сол айпақшы, Украина әрі-сәрі күйде. Ресейдің де көңілін жыққысы келмейді, Еуропаға да жәутендейді. Біріне бүйрегін бұрса, екіншісі жәукемдейді" деп желдей ескен ақпаратты сайрата жөнелді. Иә, біздің сөзіміз ұйқасты, шымыр құрылымы болғанымен ақпараттық сараптамалық салмағы жоқ. Қазақ журналистикасының ұтылатын тұсы да осы. Жел сөздің желдірмесі – аудиторияның ақпаратқа деген құлшынысын төмендетіп, сенімін жоғалатады. Украина өз шешімін қабылдады, бірақ, сол таңдау түскенде Ресейдің білегінен ұстаймын деп «ресми Киевтің басы пәлеге қалды». Алайда, Ресей жағы алғыс жаудырғанымен, өз халқы қарғыс жаудырып жатыр" деп желдірте айтады. Бірақ, сөз арасында ресейлік ұстанымның "Еуропа да есесін жібермейтін тәрізді" деген өшпенділік, Еуропа таңдауын теріске шығаратын пиғылдың жататыны анық. Телеарна журналистері «Елді үшінші мемлекеттерге сатып, еуропалық болашаққа деген үмітті өшіргені үшін және экономикалық дағдарысқа ұрындырғаны үшін үкіметті отставкаға кетіру керек» деген ұрандарынан құлақ тұнады» деп жарыса айтып жатыр. Шындығында, біз украин халқының азаматтық белсенділігін бағалауға тиіспіз. Елдік мұратқа сай келмейтін үкімет ұстанымын – түп көтеріле қарсы келіп жатыр. Тіптен, халықтың бірлігіне таң қаласың. Алаңға миллиондаған наразы топ шығып кетті. Бірақ, Елбасының экономикалық жоспарын жүзеге асыра алмаса да, қазына қаражатын мақсатсыз жұмсаса да – үкіметі өз еркімен, немесе халықтың наразылығымен отставкаға кетіп көрмеген қазақ билігіне бұндай азат ойдың әбестік көрінгені даусыз. Ұлттық арнаның жан-жағына қарамастан "құйындатып" ақпарат таратқаны сондықтан. Бұл – заңдылық дейік. Алайда, украин халқын- ресейлік көзқараспен жаныштауға қақымыз жоқ. Біз неге өзіміздің дербес ойымызды, пікірімізді қалыптастыра алмадық. Біздің үкімет Ресеймен "кедендік одаққа" кіргенімен, ақпараттық одаққа кіруге міндетті емес екенін аңғартпайды. Украин халқының дербес азаматтық көзқарасын да түбегейлі танып біле алмадық. Халықтың наразылығын ресейлік ұстаным негізінде "европалық елдердің арандатуы" деп жеткіздік қазақ аудиториясына. Орыс журналистикасы да оғаш мәлімет таратудан аянып қалған жоқ. Миллиондаған украин азаматының алаңға шығып азаматтық пікірін білдіруіне "европалық мүдделі елдер арнайы қаржылық қолдау арқылы туындатып отыр" деген мәліметтер жариялады. Тіптен, "миллион адамның қолына, әр күн сайын 150 АҚШ доллары шамасында ақша ұстатып украин билігіне қарсы алып" шықты деп жариялады. Мүмкін, бір елдегі жүздеген азаматтың наразылығын



ақшаның күдіретімен ұйымдастыруға болатын шығар. Алайда, миллион адамды бірнеше апта бойы наразылыққа алып шығу үшін бюджет жете ме? Ақпараттық сокқы жасаудағы ағаттыққа ешкім тоқталған жоқ. Ресей қалай жария етті, біздің мемлекеттік БАҚ-та шу ете қалды. Тіптен, осы ақпараттық кемшілік пен дұрыс есептелмеген "шедевр ақпараттың" оңбай жаңылысқанын қазақстандық тәуелсіз журналистер фейсбуктегі жеке парақшаларына жария етті.

Сондықтан, Отандық БАҚ қызметін жетілдіру мен жүйелеуді қолға алып, шетелдік ақпаратты тарату мен сараптау қызметінде шетелдік тәжірибенің озық тұстарын алып, қазақ журналистерінің шетелдегі оқиға орнына барып ақпаратты алу мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру қажет екені уақыт талабы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.azattyq.mobi/a/24958961.html>].
2. <http://www.inform.kz/kaz/article/2552120>.
3. Қауіпсіздік кеңесінде Украинадағы ахуал талқыланды. ҚР Президентінің ресми сайты. akorda.kz.
4. Жақсыбай САМПАТ, Украина: зобаланның зардабы. // Егемен Қазақстан. 26.02.2014.

*Әбдірайымқызы М.*

Республикалық жанұялық "Игілік"  
журналының Бас редакторы,  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

## ҚАЗАҚСТАНДА ЖУРНАЛИСТИКА КӘСІП КӨЗІ БОЛА АЛМАЙДЫ!

Әлемдік деңгейде төртінші билік болып саналатын журналистика қызметін жай ғана кәсіп немесе мамандық деп қабылдайтын болсақ, адам тағдырына рухани деңгейде араша тұратын ұлы миссияны мойнына жүк етіп артып алып жүрген қайсар жандардың деңгейін, ұлт болашағы мен мүддесіне қосып жүрген үлесі мен қызмет шеңберін тарылтып қояр едік. Себебі, нағыз журналист дегендер дәрігерлер секілді негізінде жаратылысынан ерекше болып туылады. Сондықтан да оны оқытып, тоқыту арқылы дайындау мүмкін емес. Сол үшін де журналистикаға кездейсоқ келудің қажеті жоқ. Себебі, нағыз журналист деген қоғам туралы бір ауыз ой түйе алатын, өзіндік көзқарасы бар және оны ашық айта алатын рухты тұлға болуы керек. Қанша жерден жоғары білімді азамат болып шыққанныңмен егер нағыз ұлтжанды, қайсар да, батыл, өзекті мәселелерді өліп кетсең де айғайлап айта алатын, қорықпай жазып, жариялай алатын жалынды қаламгер бола алмасаң көптің бірі болып қала бересің. Себебі, бұл мамандық басын қатерге қорықпай тіге алатын адамдар ғана алып жүрер жүк. Сондықтан да журналистикаға қабілет-қарымы мен сүйіспеншілігі жоқ адамды қинап оқытып, дайындау керек емес. Бұл әкенің жан, қанымен, ананың ақ сүтімен, жоғарыдан маңдайыңа жазылып келетін қабілет. Сондықтан да қолына қалам ұстағанның барлығын бірдей нағыз журналист деп санау артық. Және журналистика саласын жеңіл қаражат табатын жол көріп, бұл мамандыққа қалай болса солай қарау да ұлы миссияға жасалып жатқан қиянат деп санаймын өз басым.

Егер өркениетті көзқараспен қарайтын болсақ, жаһандық ұғымда ең көп табыс көзін құрайтын ақпарат саласы болып табылады. Бұл солай болуы керек те. Бірақ мұны іске асыру үшін актив көзін қалай табамыз? Бар мәселе сонда. Мәселен, өркениетті елдерде журналистика саласы әртүрлі бағытпен дамып, қомақты табыс табатын абыройлы қызмет түріне кірген. Мұның да бірнеше бағыттары бар. Ақпаратты жылдам, тартымды, қызықты, құйтырқы етіп те табыс көзіне айналдыруға болатынын өзіміз де күн сайын ғаламтор желісі арқылы көріп, бақылап отырмыз. Бір қарағанда лас дүниелердің өзінен қыруар қаражат табуға болады екен. Ал біздің саясатымызда, қоғамдық жағдайымызда, ұлттық деңгейімізде жоғарыдағы деңгейге түсу арқылы пайда тапқаннан зиян шегетінін қазақ журналистері жақсы біледі. Бір жағынан біздің миссиямызда мұнан да маңызды мәселелер бар. Себебі, қандай өркениетті ел болмасын елінің мүддесін бірінші кезекке қояды. Өйткені өркениет деген сөздің өзі адамның, сол адам өмір сүріп жатқан мемлекеттің жоғары деңгейін көрсететін кең ұғым. Жаһандық өмір осы екен деп керексіз нәрселерді ақпарат арқылы тыққылап, оның қадір-қасиетін қашырып, көпшілікке жиіркенішті құрал етіп көрсетудің де пайдасы шамалы. Өйткені нағыз өркениет деген бұл емес!

Тәуелсіздігімізді алған алғашқы жылдарда жекеменшік басылымдардың ашылуына ұлықсат берілген кезде мен осы салаға жаңадан қызметке келген едім. Сондықтан да сол уақытта жарық



## МАЗМҰНЫ

Сұлтанбаева Г. Медианарықтағы озық технологиялар: трендтер мен тәжірибелер .....	3
Шыңғысова Н. Өңірлік газеттердегі жарнама және pr-материалдардың ерекшеліктері .....	5
Бекболатұлы Ж. Еуропадағы журналистік білім беру: Польша тәжірибесі.....	8
Нургожина Ш. Деловая журналистика в информационном пространстве Казахстана: как стать партнером ....	11
Ахметова Л. Исследовательская журналистика: поиски неизвестных героев .....	14
Барлыбаева С. Тенденции современной журналистики .....	16
Мухамбедьярова А. Развитие информационного пространства в Республике Казахстан .....	19
Тұрсын Қ., Досжанова Қ. Тележурналистиканың негізгі бейнелеу элементтері .....	22
Тұрсын Қ. Отандық телепублицистикадағы дәстүр сабақтастығы .....	26
Альжанова А. Исследование казахской степи немецкими учеными XIX века .....	30
Қабылғазина К. Ақиқат пен жалғандық мәселелері және БАҚ .....	33
Әбдірайымқызы М. Қазақстанда журналистика кәсіп көзі бола алмайды!.....	36
Қабдолданова Б. Кәсіп түбі нәсіп .....	39
Ногайбаева Ж., Әлім А. Болашақтың журналистерін дайындау игілікті ісі – біздің қолымызда .....	41
Ложникова О. Студенческая радиопередача в контексте формирования интеллектуальной нации .....	44
Муканова Г. К методике преподавания будущим журналистам жанрового разнообразия медиатекстов .....	48
Жеделов Қ. Бейнелеу өнері түрлерімен дизайнды оқыту саласында тиянақты жүргізу мәселелерін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қарастыру .....	50
Жанабекова М. Ethics in journalism .....	52
Велитченко С. К вопросу о языковой подготовке журналистов для новых медиа .....	53
Жұмабекұлы С. Құқықты журналистиканың қазақстандық және шетелдік үлгілері.....	57
Ағыбаев Қ. «Ұлттық қор», «ұлттық байлық» немесе «ұлттық арналар...».....	61
Нуриден Р., Маманқұлова А. Жаңа технологиялар және радиожурналистика .....	63
Негизбаева М. Управленческие коммуникации в медиаиндустрии .....	67
Султаналиева А. Профессиональная подготовка журналистских кадров в вузах Кыргызстана .....	71
Саудабекова Э. Эволюция семиотических средств культуры .....	74
Нода Л. Интеллектуальный потенциал нации: современные аспекты развития и СМИ .....	76
Сұлтанбаева Э. Жаһандану үдерісіндегі медиамәдениеттің қоғаммен өзара әрекеттестігі .....	79
Есхуатова Н. Трансформация журналистики: от профессиональной деятельности к социальной ответственности .....	82
Байгожина Д. Қазақ баспасөзінің ұлттық-мәдени құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі .....	83
Әлімжанова А. Интернет журналистиканың даму кезеңдері .....	87
Рушанова Н. Дикторлардың сөйлеу мәдениеті .....	91
Тагвиашвили Н., Мажитова А. Приемы создания заголовков в разрезе нейролингвистических аспектов восприятия речи .....	94
Башарова Г., Тойшыбекова Б. «Жас өркен» баспасөз орталығы – руханият ошағы .....	97
Джанабаев М. Ethical and legal issues in journalism of the USA .....	100
Жұмабекова Г. Әлемдік коммуникациядағы әлеуметтік желілердің ықпалы мен қызметі.....	102
Тасилова А. Ғаламтордағы коммуникация немесе «коммуникацияға» түсіндірме .....	105
Дарханбаева М. Нарық жағдайындағы спорттық индустрия .....	107
Күзербаева А. Әлеуметтік-коммуникациялық құралдар .....	111
Досжанова Қ. Қазақстан мұнай-газ компанияларының мысалында Pr-қызметтің тиімділігін бағалау.....	115
Мұхамеджанов Д. Өнер – біздің интеллектуалды асыл қазынамыз! .....	118
Тоқжанова Н. ВЕБ-шолу – жаңа жанр түрі .....	121
Закирьянова А. АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ... ..	122
Тоқшылыкова А. Массмедиа және интеллектуалдық құндылықтар .....	123
Ахметов М. Қазақстан Республикасындағы сандық теледидениенің мүмкіндіктері мен келешектегі дамуы ..	128
Өмірбаев А. Журналистика – қоғамдық құнды мамандық .....	130
Ақынбекова А. Қазақ радиосында - «корей редакциясы» .....	133